

Инклюзивті білім беру және кәсіптік бағдарлау мәселелері бойынша Франциямен халықаралық ынтымақтастығы

2023 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру орталығымен Жапонияның білім беру ұйымдарымен инклюзивті білім беру және кәсіптік бағдарлау мәселелері бойынша ынтымақтастығы жолға қойылған.

Жалпы Цукуба университеті Жапонияда білім беру мен зерттеудің ашық және жаңа жүйесін қамтамасыз ету мақсатында құрылған. Цукуба университетінің Гуманитарлық ғылымдар институты – білім беру, психология және мүгедектік туралы ғылымдар саласында мамандандырылған профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми-зерттеу ұйымы. Цукуба университетінің тарихы 1872 жылы Жапония үкіметі құрған қарапайым мектептен, елдегі алғашқы және ең көне білім беру мекемесінен бастау алады. Содан бері Токио жоғары мектебі, Токио әдебиет және ғылым университеті және Токио білім университеті секілді жеке білім беру ұйымдарының өз алдына қайта құрылуымен Цукуба университеті 1973 жылы кешенді зерттеу университеті ретінде құрылды. Университет әр дәуірдің талаптарын көрсететін зерттеулерді енгізу және әдеттегі мектептен басталған 150 жылдық дәстүрді қолдану арқылы ең озық зерттеу салаларымен айналысып келеді. Цукуба университеті – дәстүрлер мен инновациялардың көп қабатты үйлесімі бар жетілдірілген зерттеу ұйымы. Университеттің Гуманитарлық ғылымдар институты үш академиялық бөлімге бөлінеді: білім, психология және арнайы білім секілді үш институттан тұрады.

Арнайы білім беру институты Токио педагогикалық университетінің бұрынғы арнайы білім беру факультетінің жалғасы болып табылады. Институт Токио әдебиет және ғылым университеті мен Токио жоғары мұғалімдер мектебін қоса алғанда, өзінен бұрынғылардан қалған білім беру ғылымының ғылыми-зерттеу және тәжірибелік дәстүрлерін жалғастыруда. Ол мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы білім беру саласында базалық және қолданбалы зерттеулер жүргізеді.

Институтта жүргізілген зерттеулер алты негізгі бағыттан тұрады:

- 1) көру қабілетінің зақымдалуы,
- 2) есту қабілетінің зақымдалуы,
- 3) психикалық дамудың кешігуі және мінез-құлықтың бұзылуы,
- 4) қозғалыстың және денсаулықтың бұзылуы,
- 5) сөйлеудің зақымдалуы және
- 6) мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қамсыздандыру ғылымы мен теориялары.

Институт Жапониядағы ең ірі ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады және 48 қызметкерден тұрады, оның ішінде профессорлар, доценттер, доценттер, ассистенттер және техникалық ассистенттер бар. Институтпен белгілі жапондық және шетелдік зерттеушілермен және ғылыми-зерттеу институттарымен бірлескен зерттеулер жүргізілуде. Цукуба университетінің мүмкіндіктері шектеулі

жандарға арналған мектептерімен тығыз байланыс пен ынтымақтастықтың арқасында институт осы оқу орындарына байланысты туындайтын түрлі мәселелерді шешуге қабілетті жүйені қолданады.

«Ашық университет» идеалын жүзеге асыру үшін институт әлеуметтік және халықаралық үлестерді қолдайды. Мысалы, институт жылына бірнеше рет әр оқу саласы бойынша нақты тақырыптар бойынша көпшілік дәрістер өткізеді және Жапониядағы және шетелдегі арнайы оқу орындарының педагогтерін тағылымдамадан өткізеді. 2002 жылы сәуірде Цукуба университетінде құрылған білім беруді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастықты зерттеу орталығымен (CRICED) бірлесе отырып, Институт дамушы елдерде арнайы білім беруді дамытуға жәрдемдесу мақсатында зерттеулер жүргізуде және қолдау көрсетуде.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ БЮРОСЫ (BUREAU OF HUMAN EMPOWERMENT)

Цукуба университетінің Bureau of Human Empowerment – Адам құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту бюросының негізгі функциясы ерекше қажеттіліктерді анықтаудан басталып, тиісті жұмыстарды ұйымдастырумен жалғасатын бюро жұмысы білім алушыларды жұмысқа орналасқанға дейін қолдау көрсетеді.

Цукуба университеті қандай да бір қажеттіліктер мен ерекшеліктерге қарамастан барша білім алушыларға тең сапалы білім алуға, әлеуметтенуге жағдай жасауды басты миссияларының бірі етеді әрі бұл тұрғыда озық университеттердің бірі ретінде тәжірибесін өзге университеттерге таратады. Оның ішінде Бюро өз қызметінде белгілі бір азшылық топтарды қолдап қоймай, барлық білім алушылар мен қызметкерлердің құқықтарын қорғайды.



Бюро мақсаты – адам құқықтарын құрметтеу принципіне сүйене отырып, университет мүшелерінің, соның ішінде білім алушылар мен қызметкерлердің әлеуеті мен алуан түрлілігін құрметтеу және жеке қабілеттерді толық дамытуға және пайдалануға болатын ортаны құру.

Бюроның қызметі негізгі үш қызметтен тұрады:

1. Арнайы мүмкіндіктерді қолдау. Әртүрлі ұйымдармен бірлесе отыра мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға, тьюторларға білім беруде, ғылыми-зерттеу қызметінде қолдау көрсету.

2. Кәсіби қолдау. Білім алушыларға әртүрлі іс-шаралар негізінде болашақ мамандықтарына қатысты қолдау көрсету.

3. Әлеуметтік қолдау. Әртүрлі әлеуметтік/жеке мәселелерде қолдау көрсету. Бюроның қызметіне толығырақ тоқталып өтетін болсақ:



- бюро қызметкерлер мен студенттердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ету үшін құрылған;

- жылына орта есеппен 150 ерекше қажеттіліктері бар бала оқуға қабылданады. Оларға 25 маман арнайы қолдау көрсетеді (супервайзер, психолог, психотерапевт, тар бейінді мамандар);

- қолдау ашық есік күндері басталып, сынақ кезінде жалғасып, оқуға түскеннен кейін

тұрақты негізде көрсетіледі;

- білім алушылардың қажеттіліктері зерделеніп, басым бөлігі еңбекпен қамтылады;

- университет оқуға арнайы медициналық құжатсыз қабылдайды, қажеттіліктерді арнайы әдістеме негізінде анықтап, уақытылы кәсіби қолдау көрсетеді;

- университет негізін қалаған сәттен бастап (1973) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қабылдайды. 100 студенттің біреуі ерекше білім беруді қажет етеді;



- *Learning support book*. Барлық білім алушылар кезігуі мүмкін қиындықтарды еңсеру жолдары жазылады. Мысалы, реферат жазуда қиналатын студенттерге көмекші нұсқаулық ретінде ұсынылады.

- бюро инклюзивті мәдениетті кеңейту бойынша жұмысты жүзеге асырады (комикс).

Жалпы Бюро университеттің «ашық университет» философиясын айқындайтын басты құралдарының бірі болып табылады.

Оған сәйкес университеттегі әрбір қызметкер және білім алушы ұлтына, тіліне, дініне, діліне және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан құрметке ие және өз білімдері мен біліктерін шыңдауға құқылы.

Бюро жұмысының ең маңызды бағыты – университеттің бірінші курс студенттерінің арнайы әдістеме бойынша оқудағы қиындықтарын анықтау және оларға уақытылы кәсіби көмек көрсету болып табылады. Бюро мамандары жүргізетін мектеп оқушыларымен жұмыс та назар аударуға тұрарлық. Жоғары сынып оқушылары университеттің өмірімен іштей танысуға, өздерін студенттер ролінде көруге мүмкіндік алады. Бюро жөнінде толығырақ ақпаратпен келесі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://dac.tsukuba.ac.jp/>

Цукуба университетінің Гуманитарлық ғылымдар институты



Цукуба университеті Гуманитарлық ғылымдар институты профессорлар-оқытушы құрамының қызметі зерделенді. Аталған мамандар инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік қамтамасыз ету секілді мәселелерді зерттеумен айналысады. Кездесу барысында Жапония еліндегі инклюзивті білім беру қандай нормативтік құжаттармен реттеледі, ерекше білім беруді қажет ететін балалар жалпы білім беру процесіне қалай қосылады, балабақшадан мамандық иесі атанғанға дейінгі үздіксіздік және сабақтастық қалай қамтамасыз етіледі, аталған балаларды кәсіби бағдарлау, жұмыспен қамту жұмыстары қалай іске асады секілді сұрақтарға құнды жауаптар алынды.

Инклюзивті білім беру бойынша институттағы басты ерекшеліктерге талдау жасайтын болсақ:

2007 жылы «Білім туралы» заңға өзгерістер еніп, барлық мектептер ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқуға қабылдауға міндеттелді:

- нормативтік құжаттарға тиісті өзгерістер енді;
- педагогтер қажетті дайындықтан өтті;
- ассистенттерге қаражат бөлінді.

Білім алушылар медициналық тексерістен өтеді:

- анықтаманы жергілікті білім басқармалары береді;
- университет профессорлары тексеруші комиссия құрамында болады;
- әр кейс жеке қарастырылады, жұмыс үш жылдық жоспар негізінде жүзеге асады, тиісті түзетулер енгізіледі (қолдау жоспары).

Конвенция толыққанды инклюзияны талап еткенімен, арнайы білім беру жоққа шығарылмайды:

- бір балаға да қажеттілігіне қарай арнайы сынып ашылуы мүмкін;
- инклюзия ортақ іс-шаралар, спартакиадалар, конкурстар негізінде де іске асады;
- еңбек, музыка секілді пәндер жалпы білім беретін сыныппен бірге өтеді.

Білім алушылардың 99%-ы 10-сыныпта оқуды жалғастырады

- мектептен кейін университетке түспеген жағдайда министрліктің жергілікті өңірлердегі бөлімдері жұмыспен қамту бойынша қолдау көрсетеді;
- жұмысқа орналастырып, қажетті қолдауды жалғастыратын лицензиясы бар арнайы ұйымдар бар;
- жұмыс беруші ұйымдар тиісті әдістемелік қолдаумен қамтамасыз етілген.